

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 13 қыркүйекте жарияланды

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
С.М. Жұманғаринге**

**Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А.С. Сапаровқа**

### Депутаттық сауал

**Құрметті Серік Мақашұлы!  
Құрметті Айдарбек Сейпілұлы!**

Астық өндірісіндегі биылғы жағдай көңілге үрей салып, шаруаларды ғана емес, күллі ауыл жұртын алаңдатып отыр. Бүгінде астық алқаптарының 28 пайызы ғана жиналып алынған. Былтыр, дәл осы кезеңде бұл көрсеткіш 2 есе жоғары болатын. Бұған дейін құрғақшылық құрсауында болған диқаншылар дәл қазір, науқан қызатын шақта жауыннан көз аша алмай, табиғаттың кезекті соққысына тап болуда.

Биыл нансыз қалмасақ та, келесі жылы бидай мен арпа тапшылығына ұшырайтынымыз хақ. Себебі көктемде егілетін тұқым көлемі қажеттіліктің 10/1 бөлігін ғана қамтамасыз етуі мүмкін. Нақты жағдаймен танысу үшін жақында ғана Қазақстанның солтүстік облыстарындағы 16 шаруа қожалығын аралап шықтым. Қамбада тұқым жоқ!

Азық-түлік келісім шарт корпорациясында жатқан 362 мың тонна астық тауарлық бағытта, тұқым ретінде пайдаланып жатсақ сапасы төмен болады. Шаруашылықтардың оны екпейтіні белгілі. Мемлекет меншігіндегі ғылыми институттар, тәжірибелік станциялар мен шаруашылықтардың аз да болса тұқым өндіретін мүмкіндіктері бар. Алайда, олар мемлекет тарапынан тұрақты қаржылық қолдау көрмеген соң қолда бар егіс алқаптарды тұқым өндіру емес, пайдасы көп дақылдар егіп, «жан бағу» мақсатында пайдаланып жүр.

Ресми деректерге сәйкес соңғы 5 жылда олардағы тұқым өндірісінің көлемі бірнеше есеге төмендеген (2022 жылы аталған ғылыми ұйымдарда 60 мың тонна тұқым

болған, оның тең жартысы элиталық, қалғаны 1-2 репродукция). Сорақысы сол, ғалымдардың айтуынша бүгінде тұқым шаруашылықтарымен айналысатын ғылыми мекемелерде ұрлық етек алған. Тұқымды алқаптан тікелей сатып жіберу, нақты орақ мәліметін әдейі жасыру немесе төмен етіп көрсету фактілері бар.

Қиын-қыстауда дән сатып алатын көршіміз Ресейдегі жағдай да мәз емес. Олар өздеріндегі проблемалардың алдын алу үшін экспортқа тұқым шығаруды шектеуі мүмкін.

Аталған жағдайды ескере отырып, төмендегі сұрақтарымызға нақты жауап беруін талап етеміз:

1. Алдағы егіс жұмыстарына қажет тұқым көлемі сапасы мен сан жағынан да қаншалықты қамтамасыз етілген? Оған кімдер жауапты? Ертеңгі күні мәселе шешілмесе, олар қатаң жауапкершілікке тартыла ма және ол жайында олар біле ме?

2. Егер өзіміздің мүмкіндігіміз тұқым қажеттілігін толық жаппаса, пайда болатын дефицит қалай өтелмекші? Басқа мемлекеттермен тұқым импорты бойынша алдын-ала келісім бар ма? Баға күрт өсіп кетпеу үшін қандай шаралар қолданбақшысыздар?

3. Мемлекет меншігіндегі ғылыми, тәжірибелік мекемелер мен станциялардың қолында бар тұқым көлемі азайып кетпеуі үшін министрлік тарапынан қатаң түрде қадағалау орнатыла ма?

4. Үкіметтің соңғы отырысында мемлекеттік материалдық резервтегі астыққа тұқымға жарайтын көлемді анықтау мақсатында ревизия өткізілмекші. Сапырылып, араласып жатқан дән сапасына қаншалықты сенімдісіздер? Оның жарамдылығына қандай дәлел бар?

Депутаттық сауалға жауапты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша түрде берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Ауыл» партиясы  
фракциясының депутаттары**

**А. Зейнуллин  
Ж. Дайрабаев  
А. Баққожаев  
С. Егізбаев  
Қ. Әбден  
Н. Арсютин  
Е. Саурықов  
Т. Серіков  
А. Әлтай  
С. Пономарев  
А. Сағандықова  
К. Сейтжан**

**«AMANAT» партиясы фракциясынан**

**«ЖСДП» фракциясынан  
«ҚХП» фракциясынан**